Конкурстық құжаттамаға
13-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің "Қыздар гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің "Қыздар гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17691060-1
Конкурстың атауы:	Информатика кабинетін сатып алу. Материалдық-техникалық жабдықтармен жабдықталған оқу кабинеті.
Лоттың нөмірі:	№ 88059520-ОК1
Лоттың атауы	Оқу бөлмесі
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*:	329953.000.000000
Тауардың атауы*:	Оқу бөлмесі
Өлшем бірлігі*:	Комплект
Саны (көлемі)*:	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*:	17454025.86
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*:	17454025.86
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс*:	

Жеткізу шарттары (сәйкес ИНКОТЕРМС 2010)*	DDP термині келу орнын көрсете отырып қолданылады. Бұл сатып алушының елінде көрсетілген жерге тауар жеткізілгеннен кейін сатушының жауапкершілігі аяқталатынын білдіреді. Жүктерді жеткізу бойынша барлық тәуекелдер, барлық шығыстар (салықтар, баждар және т.б.), импорт кезінде төленетін баждар мен басқа да төлемдерді қоса алғанда, тауардың бүлінуі мен жоғалуы үшін жауапкершілік осы уақытқа дейін сатушыға жүктеледі, сатушы сонымен қатар кедендік тазартуға жауап береді
Жеткізу мерзімі*	Шарт қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап күнтізбелік 45 күн
Жеткізу орны*	352410000, Қарағанды облысы, Теміртау қ. Металлургтер даңғылы 5/6
Аванстық төлем мөлшері*:	0
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Тұрғын емес мақсаттағы ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған шарт жасасу күніне дейін (үш жылға дейін) шығарылған жылы болуға тиіс	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы	«ИНФОРМАТИКА» кабинетін сатып алудың техникалық ерекшелігі Кабинетті жабдықтау мектеп оқушыларына бағдарламалау негіздерін тереңдетіп оқытуға, сондай-ақ осы салада білімін жетілдіруге және цифрлық технологияларды практикалық қолдануға ниет білдірген оқушылардың жекелеген топтарының білімдері мен практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беруге тиіс. Оқу жиһазы Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы тиісті техникалық регламенттердің талаптарын сақтай отырып, зауыттық жағдайда дайындалуы тиіс. Электрондық тасымалдағыштарда жеткізілетін цифрлық білім беру ресурстарында зауыттық тәсілмен өнім авторы немесе авторлық құқық иесі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс. Техникалық ерекшелікті ресімдеуге қойылатын талаптар Конкурстық құжаттаманың 13-қосымшасына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының толық әрі нақты сипаттамасын ұсынуға, тауардың атауын, оның маркасын, моделін, түрін және/немесе тауар белгісін не қызмет көрсету белгісін, тауардың шығарылған елін, өндіруші зауыттың атауын, өндіруші зауыттың орналасқан жерін, шығарылған жылын, айлармен көрсетілген кепілдік мерзімін және тауардың конкурстық құжаттаманың (техникалық ерекшеліктің) талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де мәліметтерді көрсетуге тиіс. Кабинеттің толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары Кабинеттің ақпараттық-әдістемелік ресурстарын басқаруға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету – 1 дана Орнату файлдары құқық иеленушінің деректемелері көрсетілген алмалы-салмалы тасымалдағышта берілуі тиіс. Бағдарламаға қолжетімділік дербестендірілген электрондық кілт түріндегі қорғау құралдарын қарастыруы тиіс. Білім беру платформасының тілдеріне қойылатын талаптар: қазақ және орыс тілдері. Мерзімсіз лицензия ұсынылуы тиіс. Платформаны белсендіру Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Интернет желісінің сегментінде орналастырылған оны әзірлеушінің web-ресурсы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Барлық бөлімдер үшін бірыңғай мәзір және оқытушының компьютерінде орнатылған операциялық жүйеге қолдау болуы тиіс. Интерактивті тақтада, панельде немесе экранда оқу материалын көрсету үшін толық экран режимі, сондай-ақ презентация режимі болуы тиіс. Құқық иеленушінің сайты арқылы жаңарту мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз ету құрамында кемінде мыналар болуы тиіс: 1. Ақпараттық-әдістемелік ресурстарды басқару платформасы. 2. Кабинетке арналған бағдарламалық ресурстар. 3. Электрондық плакаттар. 4. Кабинеттің жұмыс бағыттары бойынша ақпараттық және анықтамалық материалдар. Бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық сипаттамалары мен мазмұны Ақпараттық-әдістемелік ресурстарды басқару платформасы: Бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылатын кабинеттегі барлық бағдарламалар мен оқу

	материалдарының функцияларымен оқытушының өзара әрекеттесуіне арналған интерфейсті қамтамасыз етуі тиіс. Платформа кабинеттің цифрлық білім беру ресурстарының каталогын құруды, пайдалануды және қолдауды, каталогтың білім беру ресурстарын айдарлау мен навигациялауды ұйымдастыруды, сабақ жоспары мен әдістемелік қамтамасыз етуді бақылауды, оқу контентін әзірлеу құралдарын пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар платформа нәтижелерді бақылау, оқыту профильдерін басқару, құзыреттер профильдерін талдау, сұрақтар құру және тестілерді басқару мүмкіндігін қолдауы тиіс. Онлайн жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі болуы тиіс. Қолданыстағы қосымшалар мен бағдарламаларды белсендіруге немесе жаңа қосымшалар мен бағдарламаларды қосуға мүмкіндік беретін кіріктірілген қосымшалар менеджері болуы тиіс. Кабинетке арналған бағдарламалық ресурстар: Бағдарлама оқытушының мына бағыттар бойынша еркін таратылатын бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеуіне арналған жылдам сілтемелер жүйесін қарастыруы тиіс: • «Бағдарламалау және цифрлық технологиялар негіздері»; • «Компьютерлік графика»; • «Web-мастер»; • «Мобильді қосымшаларды әзірлеу»; • «Болашақ инженерлері»; • «Білім беру робототехникасы, электроника және мехатроника»; • «Заттар интернеті»; • «Жасанды интеллект». Кабинеттің барлық бағдарламалары мен қосымшаларына оңай өту ұйымдастырылуы тиіс. Электрондық плакаттар: Информатика бойынша интерактивті тақтада, панельде немесе экранда толық форматта көрсетуге мүмкіндік беретін кемінде 20 плакат болуы тиіс. Информатиканың әртүрлі бөлімдерінен тұратын интуитивті түсінікті мәзір болуы тиіс. Ақпараттық және анықтамалық материалдар: Бағдарламалау және ақпараттық технологиялардың әртүрлі бағыттары бойынша бейнероликтер, оқу материалдары, анықтамалық материалдар және кестелер ұсынылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында білім беру платформасын әзірлеушіден білім беру платформасын жеткізу мүмкіндігін және Қазақстан Республикасының Интернет желісінің сегментінде орналастырылған әзірлеушінің web-ресурсының немесе әзірлеушінің Қазақстандағы ресми өкілінің (дилерінің, дистрибьюторының) бар екенін растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Авторландыру хатының көшірмесін әлеуетті өнім берушінің қандай да бір кепілдік хаттарымен ауыстыруға жол берілмейді, себебі авторландыру хаттары тауарға ілеспе құжаттар болып табылмайды және өнім берушінің сұрауы бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алғанға дейін беріледі. ЖИҺАЗ Лакталған беті бар қабырғаға орнатылатын маркерлік тақта 100х170 см – 1 дана Тақта магнитті, біржақты болуы тиіс. Тақтаның беті құрғақ өшірілетін маркерлермен жазуға арналған лакталған болуы тиіс. Жақтауы пластик бұрыштары бар анодталған алюминийден жасалуы тиіс. Тақтаның өлшемдері кемінде 100 х 170 см болуы тиіс. Тақтаның артқы жағы мырышталған болат табақпен күшейтілуі тиіс. Қабырғаға төрт бұрышынан жасырын бекіту қарастырылуы

	тиіс. Жиынтықта маркерлерге арналған сөре және бекіту элементтері болуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында тақта өндірушісінен немесе оның Қазақстан Республикасы аумағындағы ресми өкілінен (дилерінен, дистрибьюторынан) тауарды техникалық ерекшелікте мәлімделген функционалдық, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамаларына сәйкес уақтылы жеткізу мүмкіндігін растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның және/немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Дөңгелектері және шынтақ тіректері бар, арқалығы торлы кресло – 1 дана Отырғыш өлшемдері кемінде 480 х 470 мм, арқалығының өлшемдері кемінде 480 х 450 мм болуы тиіс. Серіппелі-бұрандалы тербелу механизмі болуы тиіс. Еден деңгейінен отырғышқа дейінгі реттелетін биіктігі болуы тиіс: отырғыштың ең төменгі биіктігі кемінде 400 мм, ең жоғары биіктігі кемінде 495 мм. Кресло бес дөңгелекпен жабдықталған жылжымалы негізге орналастырылуы тиіс. Арқалығы – торлы мата, отырғышы – мата және поролон. Бір орындық компьютер үстелі – 15 дана Заманауи еуродизайнда болуы тиіс. Үстелдің жұмыс бетінің өлшемдері кемінде 860 х 540 мм болуы тиіс. Жұмыс бетінің жоғарғы жиегінің еденнен биіктігі кемінде 760 мм болуы тиіс. Үстел беті қалыңдығы кемінде 22 мм ЛДСП-дан жасалуы тиіс. ПВХ жиегінің қалыңдығы кемінде 2 мм болуы тиіс. Үстел бетінің оң жақ бұрышында жалғау сымдарына арналған пластик тығынмен жабылатын тесік, сондай-ақ үстелдің ортаңғы бүйір бөлігінде тесік қарастырылуы тиіс. Үстел бетінің астында тік тіректерге бекітілген көлденең бағыттағыштарда клавиатураға арналған жылжымалы панель болуы тиіс. Үстел беті екі бүйір тіректің арасында еденнен кемінде 760 мм биіктікте бекітіліп, тіректердің жоғарғы жиегіне қатысты 60 мм ішке орналастырылуы тиіс. Тірек бөліктері мен элементтерін дайындау үшін қалыңдығы кемінде 16 мм ЛДСП пайдаланылуы тиіс. ПВХ жиегінің қалыңдығы кемінде 0,4 мм болуы тиіс. Жұмыс жағындағы бүйір тіректер радиустық дөңгелектеуге ие болуы тиіс. Үстелдің оң жақ бөлігінде жүйелік блокты орналастыруға арналған ені кемінде 250 мм және биіктігі 588 мм қуыс болуы тиіс. Үстелдің алдыңғы жағы бір-бірінен 60 мм қашықтықта орналасқан ені 300 және 250 мм екі царгамен жабылуы тиіс. Бүкіл конструкция эксцентрикті тартпалар мен конфирматтардың көмегімен бекітілуі тиіс. Бекіту бұйымдары орнатылатын орындар пластик тығындармен жабылуы тиіс. Тіректердің негізінде пластик табандар болуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында үстел өндірушісінен немесе оның Қазақстан Республикасы аумағындағы ресми өкілінен (дилерінен, дистрибьюторынан) тауарды техникалық ерекшелікте мәлімделген сипаттамаларға сәйкес уақтылы жеткізу мүмкіндігін растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның және/немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Тумбасы бар сызықтық үстел – 1 дана Дайындау үшін аралас декорлы ЛДСП пайдаланылуы тиіс. Оң жағында қосымша тумбасы бар сызықтық типте болуы тиіс. Негізгі

	үстелдің габариттік өлшемдері кемінде: ұзындығы 1200 мм х ені 600 мм х биіктігі 760 мм. Үстел беті – қалыңдығы кемінде 22 мм ақ түсті ЛДСП. ПВХ жиегі ақ түсті, қалыңдығы кемінде 2 мм болуы тиіс. Тірек бөліктері мен элементтері – қалыңдығы кемінде 16 мм ақ түсті ЛДСП. ПВХ жиегі ақ түсті, қалыңдығы кемінде 0,4 мм болуы тиіс. Үстел бетінің астында орталық тіректерге бекітілген көлденең бағыттағыштарда клавиатураға арналған жылжымалы панель болуы тиіс. Негізгі үстелдің сол жағында толық ашылатын және доводчигі бар бағыттағыштарда үш жылжымалы жәшігі бар тумба болуы тиіс. Тумбаның өлшемдері кемінде: ені 420 мм х тереңдігі 520 мм х биіктігі 540 мм. Тумба жәшіктерінің қасбеттері түрлі түсті болуы тиіс. Негізгі үстелдің оң жағында ені кемінде 250 мм жүйелік блокқа арналған секция болуы тиіс. Үстелдің алдыңғы жағы царгамен жабылуы тиіс. Үстел бетінің оң жақ бұрышында жалғау сымдарына арналған қақпағы бар тесік болуы тиіс. Оң жағында кеңсе техникасына арналған қосымша тумба болуы тиіс. Габариттік өлшемдері кемінде: тереңдігі 500 мм х ені 520 мм х биіктігі 520 мм, бір ашық сөресі болуы тиіс. Кеңсе техникасына арналған тумба негізгі бөлікке бекітілуі тиіс. Бүкіл конструкция эксцентрикті тартпалар мен конфирматтардың көмегімен бекітілуі тиіс. Әлеуетті өнім беруші үстел өндірушісінен немесе оның Қазақстан Республикасындағы ресми өкілінен (дилерінен, дистрибьюторынан) растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның және/немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Ернеулері бар 2 орындық үстел – 8 дана Үстел 2 отыратын орынға есептелуі тиіс. Үстел бетінің өлшемі кемінде 1300 х 600 мм болуы тиіс. Үстел бетінің жоғарғы жиегінің еденнен биіктігі 760 мм болуы тиіс. Үстел беті қалыңдығы кемінде 22 мм ЛДСП-дан, ПВХ жиегі кемінде 2 мм етіп жасалуы тиіс. Үстел беті эргономикалық пішінде болуы тиіс, барлық бұрыштары радиусы 50 мм болатын радиустық дөңгелектеуге ие болуы тиіс. Алдыңғы жағынан үстел беті негізі 900 мм және қабырғалары 135 градус бұрышта орналасқан тең бүйірлі трапеция түрінде болуы тиіс. Үстел бетінің периметрі бойынша трапеция түрінде биіктігі кемінде 60 мм ернеулер орналастырылуы тиіс. Үстел бетінің жиегінен шегініс 30 мм-ден аспауы тиіс. Ернеулер үш жағында орналасуы тиіс, оқушы жағындағы ернеулердің бұрыштары радиусы 50 мм болатын радиустық дөңгелектеуге ие болуы тиіс. Үстел бетіне бекіту конфирматтар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Металл қаңқа 50 х 25 х 1,5 мм тікбұрышты қималы профильді құбырдан жасалған тікбұрыш түріндегі екі бүйір тіректен тұруы тиіс. Тік тіректердің биіктігі кемінде 730 мм болуы тиіс. Көлденең тіректердің ұзындығы кемінде 400 мм болуы тиіс. Еденнің тегіс еместігін өтеу үшін реттелетін табандар қарастырылуы тиіс. Алдыңғы жағынан бүйір тіректер бір-бірімен 1060 х 150 мм өлшемді екі царга арқылы бұрандалы қосылыстармен біріктірілуі тиіс. Үстел бетін бүйір тіректерге бекіту жасырын монтаждау тәсілімен өздігінен бұрап тұратын бұрандалар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Металл қаңқа

	полимерлі жабындымен қапталуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші үстел өндірушісінен немесе оның Қазақстан Республикасындағы ресми өкілінен (дилерінен, дистрибьюторынан) уақтылы жеткізу мүмкіндігін растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Металл қаңқадағы полипропилен орындық – 31 дана Заманауи еуродизайнда болуы тиіс. Отырғыш өлшемдері кемінде 420 х 430 мм болуы тиіс. Арқалық өлшемдері кемінде 410 х 330 мм болуы тиіс. Еден деңгейінен отырғышқа дейінгі биіктігі 460 мм болуы тиіс. Орындық қалыңдығы кемінде 2 мм экологиялық таза, соққыға төзімді екі қабатты полипропиленнен жасалуы тиіс. Дұрыс дене қалпын сақтау үшін арқалық пен отырғыш тұтас құйылған, эргономикалық пішінді болуы тиіс. Отырғыш пен арқалықтың бұрыштары дөңгелектенген болуы тиіс. Арқалық пен отырғыш конструкциясы серпімді болуы тиіс. Арқалықтың жоғарғы бөлігінде қолға арналған екі шағын сопақша тесік болуы тиіс. Орындықтың негізі диаметрі 25 мм жоғары берікті құбырдан жасалған, ұнтақ жабыны бар D-тәрізді иілген болат жақтаудан тұруы тиіс, бұл дененің қозғалысы үшін қажетті икемділікті қамтамасыз етуі тиіс. Конструкция тербелмейтін болуы тиіс. Орындық кемінде 100 кг жүктемеге төтеп беруі тиіс. Киімге арналған бөлімі бар жартылай ашық шкаф – 1 дана Габариттік өлшемдері кемінде 1200 мм х 420 мм х 1930 мм болуы тиіс. 2 секциядан тұруы тиіс. Бір секция киімге арналған: жабық, екі ілмегі және аяқ киімге арналған алынбалы сөресі болуы тиіс. Екінші секция 5 қуыстан тұруы тиіс: жоғарғы 3-еуі ашық, төменгі 2-еуі тұтқалары және ішкі құлпы бар тұтас есіктермен жабық болуы тиіс. Тірек бөліктері, сөрелер, қасбет бөлігі – қалыңдығы кемінде 16 мм ЛДСП, артқы қабырғасы – қалыңдығы кемінде 3 мм ХДФ. Жиегі кемінде 0,4 мм ПВХ-дан болуы тиіс. Құрастыру 6,3х50 конфирматтар мен эксцентрикті тартпалардың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Есіктерге арналған ілмектер сыртқы және жартылай сыртқы, европланкамен болуы тиіс. Жиһаз аяқтары еденнің тегіс еместігін өтеу үшін биіктігі бойынша реттелуі тиіс. КОМПЬЮТЕРЛІК ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ЖАБДЫҚ Web-камера – 1 дана Бейне ажыратымдылығы кемінде 1920 х 1080 пиксель болуы тиіс. Матрицасы – кемінде 2 Мп. Линза түрі – қолмен фокустау. Көру бұрышы кемінде 120° болуы тиіс. USB интерфейсі болуы тиіс. Акустикалық жүйе – 1 дана Акустикалық жүйе арналарының саны кемінде 2.0 болуы тиіс. Жүйенің жиынтық қуаты кемінде 5 Вт болуы тиіс. Корпус материалы – пластик. Қуат USB порты арқылы берілуі тиіс. Үздіксіз қуат көзі – 1 дана Сызықтық-интерактивті болуы тиіс. Максималды шығыс қуаты кемінде 1200ВА/720Вт болуы тиіс. Номиналды шығыс кернеуі кемінде 220В +/-10% болуы тиіс. 12В/7Ач қуатты кемінде екі батарея болуы тиіс. Алдыңғы панельде LED-индикаторлар болуы тиіс. Функциялары: автоматты қосылу, дыбыссыз режим, батареяның толық разрядталуынан қорғау, қысқа тұйықталудан және артық жүктемеден қорғау. Сымды клавиатура және тінтуір – 16 жиынтық Клавиатура USB интерфейсі бар сымды болуы тиіс. Клавиатураның жаймасы кемінде орыс/ағылшын/қазақ тілдерінде болуы тиіс. Тінтуір сымды, оптикалық, USB интерфейсі

	бар болуы тиіс. Клавиатура мен тінтуірдің түсі бірдей болуы тиіс. Маршрутизатор – 1 дана Сымсыз деректерді беру жылдамдығы 300 Мбит/с дейін болуы тиіс. Кемінде екі сыртқы антеннасы, сигнал күшейтуі кемінде 5 дБи болуы тиіс. Желілік стандарттары кемінде 802.11 b/g/n. VPN хаттамаларына қолдау көрсетуі тиіс. Маршрутизаторда желіаралық экран болуы тиіс: IP және MAC мекенжайлары бойынша байланыстыру. Монитор – 15 дана Түсі ақ болуы тиіс. Диагоналі кемінде 23 дюйм. Экран ажыратымдылығы кемінде 1920 x 1080. Экранның арақатынасы 16:9. Экранды жаңарту жиілігі кемінде 60 Гц. Жарықтығы кемінде 250 кд/м². Жауап беру уақыты 4 мс-тан аспауы тиіс. Көру бұрышы көлденеңінен 178°, тігінен 178° болуы тиіс. Орнатылатын жүйелік блокқа сәйкес келетін қосқыш пен кабель болуы тиіс. Монитор – 1 дана Түсі ақ болуы тиіс. Диагоналі кемінде 27 дюйм. Экран ажыратымдылығы кемінде 1920 x 1080. Экранның арақатынасы 16:9. Экранды жаңарту жиілігі кемінде 60 Гц. Жарықтығы кемінде 250 кд/м². Көру бұрыштары көлденеңінен 178º, тігінен 178º болуы тиіс. Жауап беру уақыты 4 мс-тан аспауы тиіс. Орнатылатын жүйелік блокқа сәйкес келетін қосқыш пен кабель болуы тиіс. А-4 лазерлік көпфункционалды құрылғы – 1 дана Лазерлік, монохромды құрылғы болуы тиіс. Аппарат функцияларына көшіру, басып шығару, сканерлеу кіреді. Жады кемінде 32 Мб. Принтердің ажыратымдылығы кемінде 600 x 600 dpi. Басып шығару жылдамдығы минутына кемінде 18 бет. Қағаз форматы А4, А5. Сканердің ажыратымдылығы кемінде 600 x 600 dpi. USB, Wi-Fi интерфейстері болуы тиіс. Жиынтықта алдын ала орнатылған картридж, қуат сымы және орнатылатын компьютерге қосуға арналған кабель болуы тиіс. Ақ-қара МФУ үшін тонер-картридж – 1 дана Тонер-картридж болуы тиіс. Картридж арқылы басып шығарылатын беттер саны 5% толтыру кезінде А4 форматында кемінде 900 бет болуы тиіс. Интерактивті панель – 1 дана Панельдің барлық сипаттамалары бұйымның паспортында көрсетілуі тиіс. Жеткізілетін жабдық мына талаптарға сәйкес болуы тиіс: Жақтауымен бірге панель диагоналі кемінде 75 дюйм. Белсенді аймақ өлшемі ұзындығы бойынша кемінде 1600 мм және ені бойынша кемінде 800 мм болуы тиіс. Жеткізу жиынтығына кемінде мыналар кіруі тиіс: • қашықтан басқару пульті; • қашықтан басқару пультіне арналған батареялар; • қуат кабелі; • HDMI кабелі; • USB кабелі; • кемінде 2 маркер; • қабырғаға бекітуге арналған құрал; • бекіту бұрандалары. Кіріктірілген операциялық жүйе болуы тиіс. Жедел жад көлемі кемінде 8 Гб, процессоры кемінде 1,9 GHz, кемінде 4 ядролы, ішкі жады кемінде 128 Гб болуы тиіс. Интерактивті панельдегі бір мезгілдегі түртулер саны кемінде 20 болуы тиіс. Енгізу әдісі саусақтарды, маркерлерді немесе кез келген басқа мөлдір емес затты пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс. Wi-Fi, Bluetooth қолдауы болуы тиіс. Қосылу интерфейстері кемінде: • RJ45-IN x 1; • VGA x 1; • PC Audio In x 1; • HDMI x 2; • USB – кемінде 3 кіріс; • RJ45 Out x 1; • Touch USB x 1; • Earphone Out x 1; • RS-232 – 1; • OPS SLOT – 1. Арақатынасы 16:9 болуы тиіс. Көлденең көру бұрышы кемінде 178

	градус. Интерактивті панельдің жарықтығы кемінде 550 кд/м^2, жауап беру уақыты 5 м/с-тан аспауы тиіс. Контрастылығы кемінде 10000:1. Ажыратымдылығы кемінде Ultra HD 3840 x 2160 пиксель. Интерактивті панельдің беті шағылыспайтын, тозуға төзімді және вандализмге қарсы болуы тиіс. Интерактивті панельде алдыңғы жағында орналасқан кемінде 2 кіріктірілген динамик болуы тиіс. Динамиктердің жиынтық қуаты кемінде 40 Вт болуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында интерактивті жабдық өндірушісінен немесе оның Қазақстан Республикасындағы ресми өкілінен (дилерінен, дистрибьюторынан) техникалық ерекшелікте мәлімделген функционалдық, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамаларына сәйкес тауарды уақтылы жеткізу мүмкіндігін (қажет болған жағдайда дайындау мүмкіндігін) растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Авторландыру хатының көшірмесін әлеуетті өнім берушінің қандай да бір кепілдік хаттарымен ауыстыруға жол берілмейді, себебі авторландыру хаттары тауарға ілеспе құжаттар болып табылмайды және өнім берушінің сұрауы бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алғанға дейін беріледі. Сабақ өткізуге арналған көппәндік білім беру платформасы – 1 дана Интерактивті панельге әзірлеуші алдын ала орнатқан болуы тиіс. Платформаны белсендіру Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Интернет желісінің сегментінде орналастырылған әзірлеушінің web-ресурсы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Білім беру платформасының тілдеріне қойылатын талаптар: қазақ және орыс тілдері. Мерзімсіз лицензия ұсынылуы тиіс. Мұғалім жұмысын ұйымдастыруға қажетті ең төменгі мүмкіндіктер: • мұғалімнің онлайн және офлайн режимдерде жұмыс істеу мүмкіндігі; • жеке аккаунт құру; • әртүрлі оқу материалдарына қолжетімділікті ұйымдастыру және оларды жүйелеу; • бағдарламаға дайын оқу материалдарын қосу; • бұлтты шешімдерді пайдалана отырып бірлескен қашықтан жұмыс істеу. Бағдарламалық қамтамасыз етудің негізгі ерекшеліктерінің бірі пайдаланушы интерфейсінің бейімделгіштігі болуы тиіс, ол құрылғы дисплейінің түріне қарай өзгеріп, оны әртүрлі пайдаланушылар үшін әмбебап етуі тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз ету екі негізгі бөлімді қамтуы тиіс: мұғалімдер мен оқушыларға арналған. Бағдарламалық қамтамасыз етуде бірнеше функционалдық модуль қарастырылуы тиіс. Жаңартулар модулі пайдаланушыларға соңғы нұсқаны орнатуға және жаңартулар тарихын қарауға мүмкіндік беруі тиіс. Экран уақытының талдау модулі уақытты пайдалану туралы деректерді жинауы, статистиканы диаграммалар түрінде көрсетуі және пайдаланушылардың әрекеттерін талдауы тиіс. Экранды жазу модулі экран жазбаларын жасауға, сақтауға, ойнатуға және экспорттауға мүмкіндік беруі тиіс. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес деректерді шифрлау, оларды құпиялылық саясатына сәйкес сақтау және пайдаланушылардан рұқсат алу туралы сұраулар қарастырылуы тиіс. Техникалық талаптар

	платформаға, қазақ және орыс тілдеріне, сондай-ақ интерактивті әрі қолжетімді интерфейске қолдауды қамтиды. Бағдарламалық қамтамасыз ету интерфейсі мұғалімдер мен оқушылар үшін нақты бөлініп, әрқайсысына бірегей функционалдық мүмкіндіктер ұсынуы тиіс. Бұл бөлу пайдаланудың ыңғайлылығын қамтамасыз етуі және қолжетімді ресурстарды тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс. Интерактивті функциялар: Бағдарламаның негізгі функцияларының бірі жарияланымдарға енгізілген кескіндерді автоматты түрде тану болуы тиіс. Бұл функция интерактивті панельде бір рет түрту арқылы кескіндерді үлкейту мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Дәптерлерді құру және пайдалану: Әртүрлі кіріктірілген фондық кескіндермен безендіруге болатын беттер болуы тиіс. Бұл дәптерлерде пайдаланушылар жазу, сурет салу және кескіндер қосу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Дәптерлерді жеке есептік жазбаға жүктеу мүмкіндігі болуы тиіс, бұл оларды кез келген құрылғыда қолжетімді етіп, оқу процесін жеңілдетеді. Тестілеу және бағалау: Пайдаланушыларда мұғалімдер мен оқушыларға арналған тестілеуден өту мүмкіндігі болуы тиіс. Оқушылардың тегін бірыңғай ұлттық тестілеуге дайындалуы үшін конкурстық тестілеуден тегін өту мүмкіндігі және педагогтердің білімін бағалау үшін мұғалімдерге арналған конкурстық тесті тегін болуы тиіс. Оқушыларды топтарға бөлу және тақтаға шығатын оқушыны таңдау: Оқушыларды офлайн режимде әртүрлі әдістер арқылы тақтаға шығару үшін кездейсоқ таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Кестелермен жұмыс істеу мүмкіндігі болуы тиіс. Сілтемелер және интеграция: Бағдарламалық қамтамасыз етуде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дайын сабақтарға тікелей сілтемелер болуы тиіс. Слайдтар мен панельдерді басқару: Пайдаланушылар жұмыс слайдтарымен жұмыс істей алуы тиіс: топтар құру, беттердің атауын өзгерту, слайдтардың ретін өзгерту, жою және көшіру. Бағдарламалық қамтамасыз ету мынадай бөлімдерге бөлінуі тиіс: 1. Электрондық оқулықтар – PDF, EPUB форматтарында қолжетімді болуы тиіс. Пайдаланушылар бұл материалдарды онлайн режимінде қарап қана қоймай, жүктей алуы тиіс. 2. Бейнесабақтар – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес 1–11 сыныптарға арналған әртүрлі пәндер бойынша бейнесабақтар енгізілуі тиіс. 3. Интерактивті симуляторлар – оқушыларға пәнді тереңірек түсінуге, материалмен белсенді өзара әрекеттесу жағдайларын жасауға мүмкіндік беретін маңызды компонент болуы тиіс және Интернетсіз автономды режимде жұмыс істеу мүмкіндігі болуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында білім беру платформасын әзірлеушіден білім беру платформасын жеткізу мүмкіндігін және Қазақстан Республикасының Интернет желісінің сегментінде орналастырылған әзірлеушінің web-ресурсының немесе әзірлеушінің Қазақстандағы ресми өкілінің (дилерінің, дистрибьюторының) бар екенін растайтын хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Авторландыру хатының көшірмесін әлеуетті өнім берушінің

	кепілдік хаттарымен ауыстыруға жол берілмейді. Интерактивті панельдің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуі – 1 дана Интерактивті панельдің алдын ала орнатылатын лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуіне қойылатын талаптар: Бағдарламалық қамтамасыз ету қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс. Орнату файлдары алдын ала орнатылуы тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды өнім беруші кабинетті монтаждау кезінде жүзеге асыруы тиіс. Мерзімсіз лицензия ұсынылуы тиіс. Интерактивті панельдің алдын ала орнатылған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуінің мүмкіндіктері: • «Тінтуір» түріндегі басқару; • толық экран, терезе немесе мөлдір қабат режимінде жұмыс істеу; • экрандық клавиатура арқылы мәтін енгізу; • ескертулер қосу; • объектілерге гиперсілтемелер қосу; • объектілерді беттен бетке немесе бір қосымшадан екіншісіне жылжыту; • файлдарды тіркеу; • файлдарды әртүрлі форматтарда сақтау; • беттерді кескін файлдары түрінде сақтау; • экранның лездік суреттерін жасау; • жапқыш, прожектор, жекелеген аймақтарды үлкейтуге арналған лупа; • объектілерді бұру, жылжыту және өлшемін өзгерту; • геометриялық фигураларды автоматты түрде тану және оңтайландыру; • геометриялық операцияларға арналған құралдар: циркуль, сызғыш және транспортир; • әртүрлі жазу стильдерімен, пунктирлі сызықтардың түрлерімен және басқа сипаттамалармен сурет салу құралдары; • мөлдір объектілер жасау; • галереяны пайдалана отырып шаблондар мен кескіндерді фон ретінде енгізу; • галереядан анимациялық файлдарды енгізу және өз Flash-файлдарын қосу; • ақпаратты көлеңке және жарықтандыру әсерімен көрсету; • қалқымалы құралдар палитрасын баптау; • кеңсе қосымшалары форматына, web-сайтқа автоматты экспорттау; • e-mail арқылы автоматты жіберу. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушіден немесе құқық иеленушіден зияткерлік меншікке құқықтарды беру шарты негізінде әзірлеушінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторынан хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияның немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің атына жолдануы тиіс. Желілік сүзгі – 16 дана Шығыс розеткаларының саны кемінде 5 болуы тиіс. Розеткалардың түрі – жерге тұйықтауы бар еуростандарт. Автоматты сақтандырғышы бар ажыратқыш болуы тиіс. Сымның ұзындығы кемінде 5 метр. Түсі ақ. Бағдарламалық қамтамасыз етусіз жүйелік блок – 15 дана Процессор кемінде 4 ядролы, 8 ағынды, тактілік жиілігі кемінде 3 GHz, кэш жадының көлемі кемінде 6 Mb болуы тиіс. Процессор 14 нм-ден аспайтын технологиялық процесс бойынша жасалуы тиіс. Жылу бөлуі 65 Вт-тан аспауы тиіс. Графикалық ядро процессорға кіріктірілген болуы тиіс. Салқындату жүйесі желдеткішінің диаметрі кемінде 80 мм, қуат қосқышының түрі кемінде 3-pin, айналу жылдамдығы минутына кемінде 900 айналым болуы тиіс. Аналық плата MicroATX форм-факторында, чипсеті кемінде үшінші сериялы болуы тиіс. Кемінде 1 VGA және HDMI бейнешығысы, 2 DDR4 жад слоты, 4 SATA3 қосқышы, 4 USB 2.0 және 2 USB 3.0 порты, 8-pin және

	24-pin қуат коннекторлары, Gigabit Ethernet (10/100/1000 Мбит/с), PCI Express стандарты кемінде 3.0 нұсқасы, 1 x1 слот және 1 x16 PCI Express слоты болуы тиіс. Қатты дискі HDD сыйымдылығы кемінде 1000 Гб, 3,5", деректерді беру жылдамдығы кемінде 150 Мбайт/с болуы тиіс. SSD қатты күйдегі жинақтауышының көлемі кемінде 500 Gb, оқу жылдамдығы кемінде 500 Mb/сек, жазу жылдамдығы кемінде 400 Mb/сек, форм-факторы 2.5”-ден аспауы, қосылу интерфейсі кемінде PCIe m2 болуы тиіс. Жедел жад көлемі кемінде 16 Gb, жиілігі кемінде 2666 MHz, түрі кемінде DDR4, тиімді өткізу қабілеті кемінде 21300 Мб/с болуы тиіс. Корпус форм-факторы Mini-Tower немесе Middle-Tower болуы тиіс. Корпус қуат блогынсыз, болат және пластиктен жасалуы тиіс. Алдыңғы панельде кемінде 2 USB, 1 құлаққап және 1 микрофон қосқышы болуы тиіс. Кеңейту слоттарының саны кемінде 2, 2.5" ішкі бөліктерінің саны кемінде 1 болуы тиіс. Желілік карта Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз етуі және кемінде Wi-Fi IEEE 802.11b,g,n желілік стандарттарын, кемінде 2,4 GHz жиілік диапазонын қолдауы тиіс. Қуат блогы ATX форм-факторында, желдеткіш өлшемі кемінде 120 мм, қуаты кемінде 400 Вт болуы тиіс. Негізгі қуат қосқышы кемінде 20+4 pin, процессорды қоректендіруге арналған қосқыштар кемінде 1x4+4 pin, бейнекартаны қоректендіруге арналған қосқыш кемінде 1x6 pin, 15-pin SATA қосқыштарының саны кемінде 2 дана, 4-pin Molex қосқыштарының саны кемінде 2 дана болуы тиіс. Желілік кабель – кемінде 1 дана. Жаңартылған нұсқадағы бағдарламалық қамтамасыз етусіз жүйелік блок – 1 дана Процессор кемінде 10 ядролы, 12 ағынды, тактілік жиілігі кемінде 1,6 GHz және кэш жадының көлемі кемінде 9 Mb болуы тиіс. 14 нм-ден аспайтын технологиялық процесс бойынша жасалуы тиіс. Жылу бөлуі 180 Вт-тан аспауы тиіс. Салқындату жүйесі желдеткішінің диаметрі кемінде 80 мм, қуат қосқышының түрі кемінде 4-pin, айналу жылдамдығы минутына кемінде 900 айналым, максималды сейілтетін қуаты кемінде 95 Вт болуы тиіс. Аналық плата MicroATX форм-факторында, чипсеті кемінде үшінші сериялы болуы тиіс. Кемінде 2 DDR4 жад слоты, 6 SATA3 қосқышы, 2 USB порты, 8-pin және 24-pin қуат коннекторлары, Gigabit Ethernet (10/100/1000 Мбит/с), PCI Express стандарты кемінде 3.0 нұсқасы, 1 x16 PCI Express слоты болуы тиіс. HDD қатты дискісінің сыйымдылығы кемінде 2000 Гб, 3,5", деректерді беру жылдамдығы кемінде 600 Мбайт/с, қосылу интерфейсі кемінде SATA III болуы тиіс. SSD типті қатты күйдегі жинақтауыш көлемі кемінде 500 Gb, оқу жылдамдығы кемінде 500 Mb/сек, жазу жылдамдығы кемінде 400 Mb/сек, форм-факторы 2.5”-ден аспауы тиіс. Жедел жад кемінде 32 Gb, жиілігі кемінде 2666 MHz, түрі кемінде DDR4, тиімді өткізу қабілеті кемінде 21300 Мб/с болуы тиіс. Корпус форм-факторы Middle-Tower болуы тиіс. Корпус қуат блогынсыз, болат және пластиктен жасалуы тиіс. Шынықтырылған әйнектен жасалған мөлдір бүйір панелі болуы тиіс. Алдыңғы қосқыштар кемінде 2 USB, 1 құлаққап және 1 микрофон болуы тиіс. Кеңейту слоттарының саны кемінде 4, 3.5" ішкі бөліктерінің саны кемінде 2, 2.5"

	ішкі бөліктерінің саны кемінде 1 болуы тиіс. Кемінде 1 х 120 мм корпус желдеткіші болуы тиіс. Қуат блогының орналасуы төменгі бөлікте болуы тиіс. Желілік карта Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз етіп, кемінде Wi-Fi IEEE 802.11b,g,n желілік стандарттарын, кемінде 2,4 Гц жиілік диапазонын қолдауы тиіс. Қуат блогы ATX форм-факторында, желдеткіш өлшемі кемінде 120 мм, қуаты кемінде 500 Вт болуы тиіс. Негізгі қуат қосқышы кемінде 20+4 pin, процессорды қоректендіруге арналған қосқыштар кемінде 1х4+4 pin, бейнекартаны қоректендіруге арналған қосқыштар кемінде 2х6+2 pin, 15-pin SATA қосқыштарының саны кемінде 4 дана, 4-pin Molex қосқыштарының саны кемінде 3 дана болуы тиіс. Желілік кабель – кемінде 1 дана. Бейнеадаптерде кемінде 1 HDMI, DisplayPort бейнешығысы болуы тиіс. Жад интерфейсінің разрядтылығы кемінде 120 bit, жад түрі кемінде GDDR6 болуы тиіс. Жедел жад көлемі кемінде 8 G. Графикалық процессор жиілігі кемінде 1500 MHz. Жүйелік блокқа арналған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету – 16 дана Лицензияның қолданылу мерзімі мерзімсіз болуы тиіс. Интерфейстің тілдік нұсқасы: орыс тілі. Операциялық жүйе домендік желіге қосылу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Жүктеудің бастапқы кезеңдерінде операциялық жүйеге зиянды бағдарламалардың енуіне жол бермеу мақсатында ядро коды мен жүктеуші кодтың тұтастығын тексеру арқылы қауіпсіз жүктеу технологияларын қолдауы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушіден немесе құқық иеленушіден зияткерлік меншікке құқықтарды беру шарты негізінде әзірлеушінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторынан хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. Жүйелік блокқа арналған офистік қосымшалары бар лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету – 16 дана Электрондық лицензия ұсынылуы тиіс. Жиынтықта өнімнің орыс тіліндегі нұсқасының мерзімсіз лицензиясы бар, Интернет желісіне интеграцияланған, файлдарды басқару, пішімдеу, басып шығару, электрондық поштамен жұмыс істеу және т.б. типтік міндеттерді шешу мүмкіндіктері бар кеңселік қосымшалар пакеті болуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушіден немесе құқық иеленушіден зияткерлік меншікке құқықтарды беру шарты негізінде әзірлеушінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторынан хаттың көшірмесін ұсынуы тиіс. РОБОТОТЕХНИКА Орта мектепте бағдарламалауға арналған робототехникалық жинақ – 4 жинақ Орта мектепте практикалық және проблемалық-бағдарланған құрастыруды, блоктық және мәтіндік бағдарламалауды қамтамасыз етуі тиіс. Бағдарламалауға және құрастыруға дайын робототехникалық жинақ болуы тиіс. Жинақта кемінде 240 бөлшек, оның ішінде: • контроллер – 1 дана; • ым-ишара датчигі – 1 дана; • түс датчигі – 1 дана; • жақындау датчигі – 1 дана; • жарықтық датчигі – 1 дана; • қозғалтқыш – 2 дана; • жарықдиод – 3 дана; • шағын батырмалар – 4 дана; • магниттік қосқыш – 1 дана; • USB-C 9 В батареясы – 1 дана; • дөңгелектер; • тісті дөңгелектер; • бұрандалы шпиндельдер; • топсалар; • негізгі

	құрылыс блоктары болуы тиіс. Контроллерде кемінде сегіз датчик кірісі және атқарушы механизмдерге арналған төрт шығыс болуы тиіс, қуат блогынан немесе батареядан жұмыс істеуі және екі теріс және бір оң шығысты ұсынуы тиіс. Датчиктерге арналған екі сыртқы қосылым, компьютерлерге қосылуға арналған USB порты, қосу/өшіру батырмасы және Bluetooth белсендіру батырмасы болуы тиіс. Жинақ кемінде 11 модель жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Көрнекі-блоктық бағдарламалау ортасын және динамикалық қатаң типтелетін әрі жадыны автоматты басқаруы бар көппарадигмалы жоғары деңгейлі жалпы мақсаттағы бағдарламалау тілін пайдалану мүмкіндігі болуы тиіс. КАБИНЕТТІ БЕЗЕНДІРУ «Информатика. Алгоритмдер» стенді – 1 дана Негізгі деректер құрылымдары мен бағдарламалауды көрсетуі тиіс. Стендтің негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Тұрақты сипаттағы кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс, оның ішінде стендтің атауы, безендіру элементтері және басқа да мәліметтер. Стенд өлшемі кемінде 1200 мм х 1100 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Стендтегі мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. Композициялық және түстік шешімі информатика кабинетінің басқа стендтеріне сәйкес болуы тиіс. «Интернет» стенді – 1 дана Интернет пен бүкіләлемдік ғаламтордың жұмыс істеу қағидатын көрсетуі тиіс. Стендтің негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Тұрақты сипаттағы кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс. Стенд өлшемі кемінде 1200 мм х 1100 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Стендтегі мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. Композициялық және түстік шешімі информатика кабинетінің басқа стендтеріне сәйкес болуы тиіс. «Информатика кабинетінде өзін-өзі ұстау ережелері» стенді – 1 дана IT-технологиялар кабинетінде қауіпсіздік техникасын сақтаудың негізгі талаптарын көрсетуі тиіс. Негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Тұрақты сипаттағы кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс. Өлшемі кемінде 1100 мм х 750 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. «Зиянды бағдарламалар» стенді – 1 дана Зиянды бағдарламалық қамтамасыз етудің негізгі түрлерін көрсетуі тиіс. Негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс. Өлшемі кемінде 1200 мм х 1100 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. «Компьютердің жұмыс істеу схемасы» стенді – 1 дана Компьютер жұмысының негізгі түрлерін көрсетуі тиіс. Негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс. Өлшемі кемінде 1200 мм х 1100 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. «Информатика және ақпарат» стенді –

	1 дана Негізгі ұғымдарды көрсетуі тиіс. Негізі қалыңдығы кемінде 5 мм ПВХ-дан жасалуы тиіс. Кескіндер пленкаға кемінде 1440 dpi ажыратымдылықпен толық түсті басып шығару әдісімен түсірілуі тиіс. Өлшемі кемінде 1200 мм х 1100 мм. Жиынтықта бекіту элементтері болуы тиіс. Мәтіндер мемлекеттік тілде болуы тиіс. Композициялық және түстік шешімі информатика кабинетінің басқа стендтеріне сәйкес болуы тиіс. «Алгоритмдер және бағдарламалау» плакаттары – 1 жинақ Информатиканың алгоритмдер, деректер құрылымдары және бағдарламалау сияқты негізгі тақырыптарын, материалдарын және негізгі тұжырымдамаларын көрсетуі тиіс. Жинақта кемінде 16 плакат болуы тиіс. Жоғары сапалы полиграфиялық жабдықта типографияда түрлі түсті нұсқада, жылтыр беті бар борланған фотосурет қағазында дайындалуы тиіс. Өлшемі кемінде 900 х 600 мм. Қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс. «Информатика» плакаттары – 1 жинақ 5–8 сыныптарда оқытылатын информатика бойынша негізгі тақырыптар мен материалдарды көрсетуі тиіс. Жинақта кемінде 36 плакат болуы тиіс. Жоғары сапалы полиграфиялық жабдықта типографияда түрлі түсті нұсқада, жылтыр беті бар борланған фотосурет қағазында дайындалуы тиіс. Өлшемі кемінде 900 х 600 мм. Қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс. ҚОСЫМША ЖАБДЫҚ Дәрі қобдишасы – 1 жинақ Өзін-өзі және өзара көмек көрсетуге арналған болуы тиіс. Қабырғаға бекіту мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Дәрі қобдишасы алынбалы сөрелермен жабдықталуы тиіс. Есігі ойық құлыппен жабдықталуы тиіс. Дәрі қобдишасының жабыны ашық түсті полимерлі ұнтақ жабыны болуы тиіс, материалы ұзақ мерзімді, тозуға төзімді, соққыға төзімді, отқа төзімді және коррозияға қарсы қасиеттерге ие болуы тиіс. Жиынтықта алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті кемінде мынадай керек-жарақтар болуы тиіс: • лейкопластырь – 2 қаптама; • стерильді дәке бинті – 1 дана; • стерильді емес дәке бинті – 1 дана; • стерильді медициналық мақта – 1 қаптама; • қан тоқтататын бұрау – 1 дана. Ксероксқа арналған А-4 қағазы – 1 бума Кемінде 500 парақ. Тығыздығы кемінде 80 грамм. Маркерлік тақтаға арналған губка – 3 дана Маркерлік тақталардағы жазбаларды құрғақ тәсілмен өшіруге арналған болуы және тозуға төзімді беті болуы тиіс. Қоқыс себеті – 1 дана Пластиктен жасалған. Ілмегі бар неодим магниті – 4 дана Ілмегі бар диск пішінді болуы тиіс. Сирек жер металдары қорытпасынан жасалуы тиіс. Магнитсіздендіретін өрістер мен температура әсеріне жоғары төзімділігі болуы тиіс. Техникалық сипаттамалары: • материалы – неодим магниті, болат; • максималды тарту күші кемінде 4 кг; • ығысу кезіндегі максималды тарту күші кемінде 2 кг; • диаметрі кемінде 16 мм. Магниттер – 2 жинақ Диаметрі кемінде 30 мм маркерлік тақтаға арналған магниттер жинағы. Әр жинақта кемінде 12 магнит болуы тиіс. Маркер – 3 жинақ Магнитті-маркерлік тақталарда жазуға арналған. 4 түрлі түсті маркерлерден тұратын жинақ болуы тиіс. Электрмен жабдықтау қалқаны – 1 дана Информатика кабинетіндегі жабдықтарды электр қуатымен қамтамасыз етуі тиіс. Сақтандырғыштармен және қорғаныстық ажырату

	құрылғысымен жабдықталуы тиіс. Есігінде қалқанның жағдайын көрсететін іске қосу/тоқтату батырмасы, жасыл және қызыл жарықдиодтар орналасуы тиіс. Қуат көзі – 220 В кернеулі желіден. Қалқанға қосылатын қуат 4000 Вт-тан аспауы тиіс. Жиынтықта қимасы 2,5 мм үш тарамды күшейтілген монтаждық мыс сымы болуы тиіс. Қараңғылайтын рулонды перде – 1 жинақ Күн сәулесінің кабинетке енуінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Кабинеттегі 3 терезеге арналған болуы тиіс, өлшемдері: ені кемінде 232 см және биіктігі кемінде 235 см. ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІ ОРЫНДАУҒА ТИІС ІЛЕСПЕ ҚЫЗМЕТТЕР Кабинетті жинақтау жұмыстарына кіріспес бұрын жабдықты жеткізу және монтаждау, жабдықтарды кабинет бөлмесінде орналастыру мәселелері келісілуі тиіс. Жабдықты Тапсырыс берушінің орналасқан жеріне дейін жеткізу. Жабдықты қаптамадан шығару және кабинетте орнату. Жиһазды жинау және орнату. Кабинет құрамына кіретін жабдықтарды толық монтаждауды жүзеге асыруға арналған монтаждау жиынтығын қамтамасыз ету. Компьютерді, интерактивті панельді, кеңсе техникасын және мультимедиялық техниканы бірыңғай желіге орнату, қосу және жұмысын тексеру. Қажетті кабельдерді жасырын кабель-арналар арқылы жүргізу. Бағдарламалық қамтамасыз етуді және электрондық оқу құралдарын орнату және тестілеу. Барлық жабдыққа қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 ай мерзімге кепілдік қызмет көрсету.
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

Ескертпе:
1. Функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер және орындаушыға қосымша шарттар бойынша әрбір талап жеке жолда көрсетіледі.
2. Осы техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
*мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Приложение 13
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Коммунальное государственное учреждение "Женская гимназия" отдела образования города Темиртау управления образования Карагандинской области
Наименование организатора	Коммунальное государственное учреждение "Женская гимназия" отдела образования города Темиртау управления образования Карагандинской области
№ конкурса:	№ 17691060-1
Наименование конкурса:	Приобретение кабинета информатики. Кабинет учебный с материально-техническим оснащением.
Номер лота:	№ 88059520-ОК1
Наименование лота:	Кабинет учебный
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг*:	329953.000.000000
Наименование товара*:	Кабинет учебный
Единица измерения*:	Комплект
Количество (объем)*:	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость*:	17454025.86
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость*:	17454025.86
Условия поставки (в соответствии с ИНКОТЕРМС 2010)*:	DDP термин употребляется с указанием места прибытия. Он означает, что ответственность продавца заканчивается после того, как товар доставлен в указанное место в стране покупателя. Все риски, все расходы по доставке груза (налоги, пошлины и т. д.), ответственность за порчу и потерю товара, включая пошлины и прочие выплаты, выплачиваемые при импорте, до этого момента несёт продавец, также он несёт ответственность за таможенную очистку.
Срок поставки*:	45 календарных дней со дня регистрации договора в органах Казначействе

Место поставки товара*:	352410000, Карагандинская область, г.Темиртау проспект Металлургов 5/6
Размер авансового платежа* **:	0 %
Наименование национальных стандартов, а при их отсутствии межгосударственных стандартов на закупаемые товары. При отсутствии национальных и межгосударственных стандартов указываются требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров, с учетом нормирования государственных закупок.	
Товар должен быть новым, неиспользованным, год выпуска не ранее (до трех лет) до даты заключения договора за исключением приобретения здания, строения, сооружения, помещения, имеющих нежилое назначение, авиационной техники	
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых функциональных, технических, качественных, эксплуатационных и иных характеристик закупаемого товара	Техническая спецификация закупаемого кабинета «ИНФОРМАТИКА» Оснащение кабинета должно предусматривать возможность углубленного обучения основам программирования учащихся школы, а также совершенствования знаний и практического применения цифровых технологий отдельных групп школьников, желающих совершенствоваться в этой сфере. Учебная мебель должна изготавливаться в заводских условиях с соблюдением требований соответствующих технических регламентов, действующих на территории РК. Цифровые образовательные ресурсы, поставляемые на электронных носителях, должны иметь заводским способом исполненное указание на автора продукта или правообладателя авторских прав. Требования к оформлению технической спецификации: Потенциальный поставщик в соответствии с Приложением 13 к Конкурсной документации и Приложением 4 к Правилам осуществления государственных закупок должен предоставить в технической спецификации подробное и точное описание функциональных, технических, качественных и эксплуатационных характеристик товаров, указать наименование товара, его марку, модель, тип и\или товарный знак либо знак обслуживания, страну происхождения товара, наименование завода-изготовителя, местонахождение завода-изготовителя, год выпуска, гарантийный срок в месяцах и иные сведения, подтверждающие соответствие товара требованиям конкурсной документации (технической спецификации). Полное описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики кабинета. Лицензионное программное обеспечение управления информационно-методическими ресурсами кабинета информатики - 1 штука. Установочные файлы должны быть переданы на съемном носителе с реквизитами правообладателя. Доступ в программу должен предусматривать средства защиты в виде персонализированного электронного ключа. Требования к языку образовательной платформы: на казахском и русском языках. Должна быть предложена бессрочная лицензия. Активация платформы должна производиться через web-ресурс её разработчика, размещенный в Казахстанском сегменте сети Интернет, в соответствии с требованиями Закона РК «О персональных данных и их защите». Должно быть единое для всех разделов меню и поддержка операционной системы, установленной на компьютер преподавателя. Должен быть режим полного экрана для демонстрации учебного материала на интерактивной доске, панели или экране, а также режим презентации. Должна быть предусмотрена возможность обновления через сайт правообладателя. В составе программного обеспечения должны быть, не менее: 1. Платформа управления информационно-методическими ресурсами. 2. Программные ресурсы для кабинета. 3. Плакаты электронные. 4. Информационные и справочные материалы по направлениям работы кабинета. Технические характеристики и содержание программного обеспечения, не менее: Платформа управления информационно-методическими ресурсами: Должна обеспечить интерфейс для взаимодействия преподавателя с функциями всех программ и учебных материалов кабинета, в котором будет

